

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ**

**Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ЖОҒАРЫ ЫҢҒАЙЛЫЛЫҚТАҒЫ ҚАЛАЛЫҚ
ПӘТЕРЛЕР МЕН КОТТЕДЖДЕРДІҢ
ЭЛЕКТРЛІК ЖҮКТЕМЕЛЕРІН ЕСЕПТЕУДІҢ
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

**ПРАВИЛА РАСЧЕТА ЭЛЕКТРИЧЕСКИХ
НАГРУЗОК ГОРОДСКИХ КВАРТИР И
КОТТЕДЖЕЙ ПОВЫШЕННОЙ
КОМФОРТНОСТИ**

**ҚР ЕЖ 4.04-103-2013
СП РК 4.04-103-2013**

Ресми басылым
Издание официальное

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер
ресурстарын басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального
хозяйства и управления земельными ресурсами
Министерства национальной экономики Республики Казахстан**

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «Сюрвейный центр» ЖШС
- 2 **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 **РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «Сюрвейный центр»
- 2 **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 **УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатыңыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	IV
1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ.....	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	2
3 ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР.....	2
4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	2
5 ЖОҒАРЫ ЫҢҒАЙЛЫЛЫҚТАҒЫ КӨП ПӘТЕРЛІ ТҰРҒЫН ҮЙ ҒИМАРАТТАРЫНЫҢ ЭЛЕКТРЛІК ЖҮКТЕМЕЛЕРІН АНЫҚТАУ	3
6 ЖОҒАРЫ ЫҢҒАЙЛЫЛЫҚТАҒЫ ЖЕКЕ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ (КОТТЕДЖДЕРДІҢ) ЭЛЕКТРЛІК ЖҮКТЕМЕЛЕРІН АНЫҚТАУ	9
7 ӘРТҮРЛІ МЕНШІКТІ ЕСЕПТІК ЖҮКТЕМЕЛЕРМЕН ПӘТЕРЛЕР (ҮЙЛЕР) ТОБЫНАН ЭЛЕКТРЛІК ЖҮКТЕМЕЛЕРДІ АНЫҚТАУ.....	14
А қосымшасы (міндетті). Қоғамдық мақсаттағы кірістірілген және қосымша салынған үй- жайлардың жүктеме максимумына қатысу коэффициенттері.....	16
Б қосымшасы (ақпараттық). Жоғары ыңғайлылықтағы жеке тұрғын үйлердің (коттедждердің) шамалас меншікті электрлі жүктемелері	18

КІРІСПЕ

Осы ережелер жинағы Қазақстан Республикасының «Жоғары ыңғайлылықтағы қалалық пәтерлер мен коттедждердің электр жүктемелерін есептеу ережелері» техникалық регламенттер ережелерінің негізінде әзірленген:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылдың 17 қарашасындағы № 1202 Қаулысымен бекітілген, «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылдың 16 қаңтарындағы № 14 Қаулысымен бекітілген, «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті;

- Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары мен қолданыстағы нормативтік техникалық құжаттары.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ЖОҒАРЫ ЫҢҒАЙЛЫЛЫҚТАҒЫ ҚАЛАЛЫҚ ПӘТЕРЛЕР МЕН
КОТТЕДЖДЕРДІҢ ЭЛЕКТРЛІК ЖҮКТЕМЕЛЕРІН ЕСЕПТЕУДІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ
ПРАВИЛА РАСЧЕТА ЭЛЕКТРИЧЕСКИХ НАГРУЗОК ГОРОДСКИХ КВАРТИР И
КОТТЕДЖЕЙ ПОВЫШЕННОЙ КОМФОРТНОСТИ

Енгізілген күні - 2015-07-01

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы ережелер жинағы қалаларда және қала типтес елді мекендерде жоғары ыңғайлылықтағы пәтерлердің және жеке тұрғын үйлердің (коттедждердің) есептік электрлік жүктемелерін анықтауға ережелерді белгілейді.

1.2 Осы ережелер жинағы жаңа құрылыс жобаларын әзірлеу кезінде және тұрғын үйлердің құрылыс массивтерін қайта құрылымдау кезінде қолдануға арналған.

1.3 Осы ережелер жинағында келтірілген есептік электрлік жүктемелерді және есептеу әдістерін пайдалануға жол беріледі:

- жаңадан жобаланған немесе қайта құрылымдалған тұрғын үйлер үшін қолданыстағы қорғаныс қондырғыларын енгізу және анықтау кезінде өткізгіштердің маркалары мен көлденең қималарын таңдау;

- жаңадан салынатын немесе қайта құрылымдалатын тұрғын үйлердің ішкі электрлі тартылымына арналған сымдардың қималарын таңдау;

- жоғары ыңғайлылықтағы тұрғын үйлердің типтік жобаларын әзірлеу;

- селитебтік қала аймақтарын электрмен жабдықтауға арналған жаңадан құрылатын немесе қайта құрылатын таратқыш қалалық электр желілерінің және олардың элементтерінің жобалық параметрлерін таңдау;

- қалалық құрылыстың жаңа аудандарын электрмен жабдықтаудың келешегі бар схемаларын әзірлеу;

- келешегі бар электрбаланстарды құру кезінде.

1.4 Осы ережелер жинағы есептік электрлік жүктемелерді анықтауға қолданылмайды:

- әлеуметтік тұрғын үй қорының тұрғын үй қоры;

- жайлылығы жоғары тұрғын үйлерге жатпайтын пәтерлер және жеке тұрғын үйлер (коттедждер);

- саябақтық және саяжайлық үйлер;

- жатақханалар.

ҚР ЕЖ 4.04-103-2013

Жоғарыда көрсетілген ғимараттарға (үй-жайларға) есептік электрлік жүктемелерді анықтауды ҚР ҚН 4.04-23 сәйкес жүзеге асыру керек.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ережелер жинағын қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:
ҚР ҚН 4.04-23-2004* Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың электржабдығы. Жобалау нормалары.

ҚР ҚБҚ 4.04-191-2002 Қалалық және елді мекенді электр тораптарын жобалаудың әдістемелік нұсқаулары.

Ескертпе - Осы мемлекеттік нормативті қолданған кезде сілтеме жасалатын құжаттардың әрекетін жыл сайын ағымдағы жыл жағдайына құрастырылатын ақпараттық «Қазақстан Республикасы аумағында қолданыстағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс салаларындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілердің тізімі», «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар көрсеткіші» және «Мемлекетаралық нормативтік құжаттар көрсеткіші» бойынша тексерген жөн. Егер сілтеме жасалатын құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормативті қолданған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтеме жасалатын құжат ауыстырылмай өзгертілген болса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлімде қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

Осы ережелер жинағында тиісті анықтамаларымен келесі терминдер қолданылады:

3.1 Электрлендіру деңгейі: Пәтерлердің және жеке тұрғын үйлердің (коттедждердің) электртұрмыстық аспаптармен толықтырылуы.

3.2 Қосымша электрлі жылыту: Үйдің немесе пәтердің жекелеген жайларында ауаны жайлы температураға дейін қосымша жылыту үшін негізгі жылыту жүйесіне (мысалы, сумен) қосымша аспаптарды және электрлі жылыту жүйелерін пайдалану.

3.3 Электрмен жылыту: Жылыту үшін электрлі жылыту аспаптарын пайдалану.

3.4 Суды электрмен жылыту: Электрлі жылытқыштарды ыстық сумен жабдықтау үшін пайдалану.

3.5 Электрқабылдағыш: Электр энергиясының пайдалану үшін энергияның басқа түріне түрленуі жүретін құрылғы.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Осы ережелер жинағының мақсаттары жоғары ыңғайлылықтағы қалалық пәтер ретінде тапсырыс берушімен мәлімделген жоғары жайлылықтың деңгейімен жалпы ауданы 50 м^2 -ден қоса алғанда 300 м^2 дейін болатын, осындай пәтердің 30 кВт -тан 60 кВт дейінгі электрқабылдағыштары орнатылған қуаттылығымен шартталған немесе құрылатын пәтер түсіндіріледі.

Жайлылығы жоғары жеке үй (коттедж) ретінде тапсырыс берушімен мәлімделген жайлылықтың жоғары деңгейімен жалпы ауданы 150 м^2 -ден қоса алғанда 600 м^2 дейін болатын, 60 кВт -тан қоса алғанда 140 кВт дейінгі электрқабылдағыштарының орнатылған

қуаттылығымен шартталған әдетте, бір отбасыға есептеліп салынған немесе салынатын үй түсініледі.

4.2 Пәтерлердің және жеке тұрғын үйлердің (коттедждердің) электрқабылдағыштарынан электрлі жүктемелерді есептеудің негізгі әдістері эмпириялық әдістер болып табылады:

- меншікті электр жүктемелеріне негізделген әдіс;
- электр жабдығының орнатылған қуаттылығына және сұраныс коэффициентіне негізделген әдіс;
- кестелік әдіс (тұрақты және айнымалы жүктемелер).

Жоғарыда келтірілген әдістердің кез келгенін пайдалануға жол беріледі.

4.3 Осы ережелер жинағында қабылданған көп пәтерлі тұрғын үйлер үшін электрлі жүктемелерді есептеудің негізгі әдісі меншікті электрлі жүктемелерге негізделген әдіс болып табылады; жеке тұрғын үйлер (коттедждер) үшін – электр жабдығының белгіленген қуаттылығына және сұраныс коэффициентіне негізделген әдіс.

5 ЖОҒАРЫ ЫҢҒАЙЛЫЛЫҚТАҒЫ КӨП ПӘТЕРЛІ ТҰРҒЫН ҮЙ ҒИМАРАТТАРЫНЫҢ ЭЛЕКТРЛІК ЖҮКТЕМЕЛЕРІН АНЫҚТАУ

5.1 Жоғары ыңғайлылықтағы қалалық пәтерлер үшін электрлендірудің екі деңгейін және оған сәйкес келетін меншікті электрлі жүктемелерді бөледі:

- табиғи газға арналған плиталары бар пәтерлер;
- 10,5 кВт дейінгі қуаттылықтағы электрлі плиталарымен қоса алғандағы пәтерлер.

5.2 Жоғары ыңғайлылықтағы қалалық пәтерлердің есептік меншікті электрлі жүктемелері 1-кестеде келтірілген және тұрғын үйде тұрмыстық ауа кондиционерлерін қолдануды және қосымша жылытылатын ауданның 1 м²-на 60 Вт–тан 120 Вт дейінгі есеппен жылуға деген жалпы қажеттіліктің 7%-нан 15% дейінгі шекте жайлы электрлі қосымша жылытуды ескереді.

Есептік меншікті электрлі жүктемелердің кестелік мәндері жалпы үйлік күш жүктемесін, қоғамдық мақсаттағы кірістірілген (қосымша салынған) үй-жайлардың жарықтық және күштік жүктемелерін, жарнаманың жүктелуін, пәтерлерде толық электрлі жылытудың және суды электрмен жылытудың қолданылуын, сонымен қатар қыздырғыш кабельдердің негізінде шатырдың мұздануға қарсы жүйесінің жүктемесін ескермейді.

5.3 Толық электрлі жылытумен пәтердің кірмесіндегі есептік электрлі жүктемені қолданылатын жүйелерге, аспаптарға, олардың жұмыс режимдеріне және сәйкес жылу техникалық есептерге байланысты ішкі электржабдығының жобасы бойынша жобалау тапсырмасына сәйкес анықтау керек.

Жоба алдындағы кезеңдерде толық электрмен жылытатын электрлі жылу аккумуляциялық жүйелердің қуаттылығын пәтердің жалпы ауданының 1 м²-на 200 Вт–тан 300 Вт дейінгі есептен бағдарлы түрде анықтауға жол беріледі (энергия жүйесінің минималды жүктеулерінің кезеңінде).

5.4 Жоғары ыңғайлылықтағы пәтерлердің есептік электрлі жүктемелерін жеке тұрғын үйлер (коттедждер) ретінде пәтердегі шаруашылық жұмыстардың үйлеспеуі және орташа қосу ықтималдығымен (сұраныс коэффициенті) сипатталатын электртұрмыстық

ҚР ЕЖ 4.04-103-2013

аспаптардың нақты жинағына және олардың жұмыс істеу режиміне байланысты пәтердің ішкі электр жабдығының жобасы бойынша анықтауға жол беріледі.

5.5 Қорек желісіне, көп пәтерлі тұрғын үйге кірмеге, трансформаторлық қосалқы станцияның 0,4 кВ кернеулі шиналарына, $P_{жд}$, кВт, келтірілген бірдей меншікті электрлі жүктемемен пәтерлер тобының есептік электрлі жүктемесін келесі формула бойынша анықтайды:

$$P_{жд} = P_{уд.кв} \cdot N, \quad (1)$$

мұнда $P_{уд.кв}$ – электр желісінің осы буынына қосылған пәтерлердің санына және электрлендірудің қабылданған деңгейіне байланысты 1-кесте бойынша анықталатын бір пәтердің есептік меншікті электрлі жүктемесі, кВт/пәтер;

N – тұрғын үйге, желіге, трансформаторлық қосалқы станцияға кірмеге қосылған пәтерлер саны.

5.6 Жалпы үйлік үй-жайларды жарықтандыру жүктемесі 1-кестеде келтірілген пәтерлердің есептік меншікті электр жүктемелерінде ескерілген.

Есепке алу құралдарын және жайпы үй тұтынушыларын қорғау аппараттарын таңдау үшін жалпы үйлік жайларды жарықтандырудың жиынтықты есептік электрлік жүктемесін $P_{осв.общ}$, кВт, келесі формула бойынша анықтауға кеңес беріледі:

$$P_{осв.общ} = (P_{л.кл} + P_{л.холл} + P_{кор} + P_{вест}) + 0,5P_{др}, \quad (2)$$

мұнда $P_{л.кл}$ – баспалдақ шабақтарын жарықтандырудың есептік электрлі жүктемесі, кВт;

$P_{л.холл}$ – жеделсаты холлдарын жарықтандырудың есептік электрлі жүктемесі, кВт;

$P_{кор}$ – коридорларды жарықтандырудың есептік электрлі жүктемесі, кВт;

$P_{вест}$ – вестибюльдерді жарықтандырудың есептік электрлі жүктемесі, кВт;

$P_{др}$ – қоқыс камераларын, шатырларды, техникалық үй асты қоймаларын, жертөлелерді, бесік арбалық орындарды және т.с.с. жарықтандырудың есептік электрлі жүктемесі, кВт.

Жалпы үйлік орындарды жарықтандыратын топтық тораптардың есептік электрлі жүктемесін 1-ге тең болатын сұраныс коэффициентімен жарық техникалық есеп бойынша анықтау керек.

5.7 Пәтерлердің жиынтық электрлі жүктемесінен басқа трансформаторлық қосалқы станцияның 0,4 кВ шиналарының немесе желілерінің есептік электрлі жүктемесін анықтау кезінде трансформаторлық қосалқы станциядан қоректенетін жеделсатылық және басқа санитарлық-техникалық қондырғылардың күш жабдығы және 0,4 кВ қоректендіруші желілердегі қуаттылықты жоғалту ескерілуі тиіс.

1-кесте – Жоғары ыңғайлылықтағы жоғары қалалық пәтерлердің есептік меншікті электрлі жүктемелері

Пәтерді электрлендіру дәрежесі	Есептік меншікті электрлі жүктеменің мәні, кВт/пәтер, тұрғын үйдегі пәтерлердің жалпы санында														
	1	3	6	9	12	15	18	24	40	60	100	200	400	600	1000
Табиғи газды плиталармен үйлерде	9,00	6,33	5,29	4,36	3,72	3,26	2,94	2,51	2,00	1,78	1,62	1,47	1,24	1,08	0,99
Қоса алғанда 10,5 кВт дейінгі қуаттылықпен электр плиталы үйлерде	16,00	13,05	8,34	6,41	5,39	4,77	4,36	3,83	3,18	2,83	2,51	2,16	1,88	1,77	1,76

Ескертпе - 1 Пәтердің кірмесіндегі қорғау аппараттарын және есепке алу аспаптарын таңдау үшін бір пәтердің меншікті есептік жүктемесін қабылдау керек.

Ескертпе - 2 Кестеде көрсетілмеген баспаналардың саны үшін есептік меншікті электрлі жүктемелерді интерполяциямен анықтайды.

Ескертпе - 3 Есептік меншікті электрлі жүктемелер жалпы үйлік күш жүктемесін, қоғамдық мақсаттағы кірістірілген (қосымша салынған) үй-жайлардың жарықтық және күштік жүктемелерін, жарнаманың жүктелуін, пәтерлерде толық электрлі жылытудың және суды электрмен жылытудың қолданылуын, сонымен қатар қыздырғыш кабельдердің негізінде мұздануға қарсы жүйенің жүктемесін ескермейді.

Ескертпе - 4 Кестеде қысқы кешкі максимум үшін есептік электрлі жүктемелердің мәндері келтірілген. Қажет болғанда жүктеменің таңғы немесе күндізгі максимумын анықтау үшін коэффициенттерді қолданады: 0,7 – электрпиталы тұрғын үйлер үшін; 0,5 – табиғи газдағы плиталармен тұрғын үйлер үшін

Ескертпе - 5 Жазғы максимум кезеңіндегі тұрғын үйлердің электрлі жүктемесін кестеде келтірілген қысқы максимум жүктемелерін келесі коэффициенттерге көбейту арқылы анықтауға жол беріледі: 0,8 – электр плиталы пәтерлер үшін; 0,7 – табиғи газдағы плиталармен пәтерлер үшін.

Ескертпе - 6 Пәтерлердің меншікті есептік электрлі жүктемелері жалпы үйлік орын-жайларды жарықтандыру жүктемесін қамтиды.

Ескертпе - 7 Үйге кірмедегі есептік жүктемедегі 10 кВт дейін қуаттылықпен иллюминация жүктемесі ескерілмейді.

ҚР ЕЖ 4.04-103-2013

5.8 Үйдің кірмесіне, қорек желісіне немесе трансформаторлық қосалқы станцияның 0,4 кВ кернеулі шиналарына, $P_{сұл}$, кВт, келтірілген тұрғын үйдің күштік электрқабылдағыштарының есептік электрлі жүктемесін келесі формула бойынша анықтайды:

$$P_{сұл} = \sum_{i=1}^n P_{л_i} \cdot K_{c_л} + \sum_{i=1}^m P_{сан_i} \cdot K_{c_{сан}}, \quad (3)$$

мұнда $P_{л_1}, \dots, P_{л_n}$ - жеделсаты төлқұжатына сәйкес қабылданатын, жеделсатының әрқайсысының электрқозғалтқышының орнатылған қуаттылығы, кВт;

$K_{c_л}$ - 2-кесте бойынша ғимарат қабаттарының санына және жеделсатылық қондырғылардың санына байланысты анықталатын жеделсатылы ғимараттарға арналған сұраныс коэффициенті;

$P_{сан_1}, \dots, P_{сан_m}$ - қондырғының төлқұжаттарына сәйкес қабылданатын сантехникалық қондырғылардың әрбір электрқозғалтқышының орнатылған қуаттылығы, кВт;

$K_{c_{сан}}$ - 3-кесте бойынша анықталатын, сантехникалық қондырғылардың электрқозғалтқыштары үшін сұраныс коэффициенті.

2-кесте – Жеделсатылы ғимараттар үшін сұраныс коэффициентінің мәні $K_{c_л}$

Ғимараттағы жеделсатылық қондырғылардың саны	Келесі биіктіктегі жеделсатылы ғимараттар үшін сұраныс коэффициентінің мәні $K_{c_л}$	
	12 қабатқа дейін	12 және одан асатын қабат
2-ден 3дейін	0,80	0,90
4 –тен 5 дейін	0,70	0,80
6	0,65	0,75
10	0,50	0,60
20	0,40	0,50
25 және одан асады	0,35	0,40

Ескертпе - кестеде көрсетілмеген жеделсатылық қондырғылардың саны үшін сұраныс коэффициенті интерполяциямен анықталады

5.9 Ғимаратқа кірмелердің және қорек желілерінің электр жүктемелерін есептеу кезінде резервтік электрқозғалтқыштардың, жалпы үй-жайларды жинауға арналған механизмдердің және өртке қарсы қондырғылардың қуаты қорғаныстық аппараттарды және өткізгіштердің қималарын таңдауды анықтаған жағдайларды қоспағанда ескерілмейді.

Өртке қарсы құрылғылардың бір мезгілде жұмыс істейтін электрқабылдағыштардың қорек желісін есептеу үшін сұраныс коэффициенті 1-ге тең қабылданады. Бұл жағдайда

тек бір ғана өртке қарсы бөлімде орнатылған түтін қайтару және асырма ауа қысымы желдеткіштерінің бір мезгілдегі жұмысын ескеру керек.

5.10 Үлкен құраушысы пәтерлердің жүктемесі болып табылуы шартында, жалпы алғанда тұрғын үйдің (пәтерлерден, күш электрқабылдағыштарынан немесе қоғамдық мақсаттағы кірістірілген немесе қосымша салынған үй-жайлардан) есептік электрлік жүктемесі $P_{жсд}$, кВт, келесі формула бойынша анықталады:

$$P_{жсд} = P_{кв} + 0,9P_{сил} + \sum_{i=1}^n P_{обц_i} \cdot K_{y_i}, \quad (4)$$

мұнда $P_{кв}$ – пәтерлердің электрқабылдағыштарының есептік жүктемесі, кВт;

$P_{сил}$ – тұрғын үйдің күштік электрқабылдағыштарының есептік электрлі жүктемесі, кВт;

$P_{обц_1}, \dots, P_{обц_n}$ – ҚР ҚН 4.04-23 сәйкес анықталатын, тұрғын үй ғимаратының электр қалқанынан қоректенетін, қоғамдық мақсаттағы кірістірілген немесе қосымша салынған үй-жайлардың есептік электрлі жүктемелері, кВт;

K_{y_1}, \dots, K_{y_n} – А қосымшасының А.1-кестесі бойынша анықталатын қоғамдық мақсаттағы кірістірілген және қосымша салынған үй-жайлардың электрлік жүктемелерінің тұрғын үй ғимаратының күштік электрқабылдағыштарына және пәтерлерді жүктеу максимумына қатыму коэффициенттері.

5.11 Тұрғын үйдің есептік электрлік жүктемесі, оның үлкен құраушысы кірістірілген немесе қосымша салынған қоғамдық мекемелердің жүктемесі болып табылады, $P_{жсд}$, кВт, келесі формула бойынша анықталады:

$$P_{жсд} = P_{max} + \sum_{i=1}^n K_{y_i} P_i, \quad (5)$$

мұнда P_{max} – бір желісі бойынша қоректенетін кірістірілген немесе қосымша салынған қоғамдық мекемелердің, пәтерлердің жүктемелер санынан үлкен электрлі жүктеме, кВт;

P_1, \dots, P_n – үлкен жүктемеден P_{max} басқа бір желіден қоректенетін кірістірілген немесе қосымша салынған қоғамдық мекемелердің, пәтерлердің есептік жүктемелері, кВт.

5.12 0,4 кВ қоректендіруші желілердегі қуаттылықты жоғалтуды ҚР ҚБҚ 4.04-191 сәйкес анықтау керек.

3-кесте – Сантехникалық қондырғылардың электрқозғалтқыштары үшін сұраныс коэффициентінің $K_{сан}$ мәні

Жұмыс істейтін күштік электрқабылдағыштардың жалпы белгіленген қуаттылығында, ауаны баптау жүйесін қосқанда, жұмыс істеуші сантехникалық және тоңазытқыш жабдығының орнатылған қуаттылығының меншікті салмағы, %	Электрқабылдағыштардың келесі санында сантехникалық құрылғылардың электрқозғалтқыштары үшін $K_{сан}$ сұраныс коэффициентінің мәні										
	2	3	5	8	10	15	20	30	50	100	200
100-ден 85 дейін	1,00 (0,80)	0,90 (0,75)	0,80 (0,70)	0,75	0,70	0,65	0,65	0,60	0,55	0,55	0,50
84-тен 75 дейін	-	-	0,75	0,70	0,65	0,60	0,60	0,60	0,55	0,55	0,50
74-тен 50 дейін	-	-	0,70	0,65	0,65	0,60	0,60	0,55	0,50	0,50	0,45
49-дан 25дейін	-	-	0,65	0,60	0,60	0,55	0,50	0,50	0,50	0,45	0,45
25 және одан аз	-	-	0,60	0,60	0,55	0,50	0,50	0,50	0,45	0,45	0,40
<p>Ескертпе - 1 Орнатылған қуаттылыққа резервтік электрқабылдағыштар қосылмайды.</p> <p>Ескертпе - 2 Жақшада жеке қуаттылығы 30 кВт асатын электрқозғалтқыштар үшін сұраныс коэффициенттері келтірілген.</p> <p>Ескертпе - 3 Кестеде көрсетілмеген қосылулы электрқабылдағыштар саны үшін сұраныс коэффициенті интерполяциямен анықталады.</p>											

6 ЖОҒАРЫ ЫҢҒАЙЛЫЛЫҚТАҒЫ ЖЕКЕ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ (КОТТЕДЖДЕРДІҢ) ЭЛЕКТРЛІ ЖҮКТЕМЕЛЕРІН АНЫҚТАУ

6.1 Жоғары ыңғайлылықтағы жеке тұрғын үйлер (коттедждер) үшін электрлендіру деңгейі шектеулерге ие емес, тапсырыс берушімен анықталады және толық электрмен жылытуды және суды электрмен жылытуды қосуы мүмкін.

6.2 Жоғары ыңғайлылықтағы жеке тұрғын үйлердің (коттедждердің) есептік электрлік жүктемелерін электртұрмыстық аспаптардың нақты жинағына және қосудың орташа ықтималдығымен (сұраныс коэффициентімен) және үйдегі (коттеждегі) шаруашылық жұмыстарының сәйкес келмеуімен сипатталатын үйдің (коттедждің) ішкі электр жабдығы жобасы бойынша анықтау керек.

6.3 Толық электрлі жылытумен жеке тұрғын үйдің (коттедждің) кірмесіне есептік электрлі жүктемені қолданылатын жүйелерге, аспаптарға, олардың жұмыс істеу режимдеріне және сәйкес жылу техникалық есептеулерге байланысты ішкі электржабдығының жобасы бойынша жобалау тапсырмасына сәйкес анықтау керек.

Жоба алдындағы кезеңдерде толық электрлі жылытудың электрлі жылу аккумуляциялық жүйелерінің қуаттылығын шамамен үйдің (коттедждің) жалпы ауданының 1 м^2 -не 200 Вт-тан 300 Вт-қа дейінгі есептен анықтауға жол беріледі (энергия жүйесінің минималды жүктемелерінің кезеңінде).

6.4 Жоғары ыңғайлылықтағы жеке тұрғын үйлердің (коттедждердің) шамалас меншікті электрлі жүктемелері, соның ішінде тұрақты қосылатын толық электрлі жылытумен, Б қосымшасының Б.1-кестесінде келтірілген.

6.5 Алдын ала есептеулерде жайлылығы аса жоғары жеке тұрғын үйдің (коттедждің) кірмесіндегі меншікті жүктемені $P_{уд.кт}$, кВт, келесі формула бойынша анықтауға жол беріледі:

$$P_{уд.кт} = P_{уст} \cdot K_c, \quad (6)$$

мұнда $P_{уст}$ – электртұрмыстық және жарықтандырғыш аспаптардың, электрлі жылыту және суды электрлі жылыту жүйелерінің номиналды қуаттылықтарын жиынтықтаумен анықталатын, үй (коттедж) жабдықталатын электрқабылдағыштардың белгіленген (мәлімделген) қуаттылығы, кВт;

K_c – үйдегі (коттеждегі) электрқабылдағыштардың мәлімделген қуаттылығының шамасына байланысты 4-кесте бойынша анықталатын сұраныс коэффициенті.

4-кесте – Жеке тұрғын үйдің (коттедждің) электрқабылдағыштарының мәлімделген қуаттылығына байланысты сұраныс коэффициентінің мәні K_c

Үйді (коттеджді) жылыту жүйесінің сипаттамасы	Электрқабылдағыштардың мәлімделген қуаттылығында сұраныс коэффициентінің мәні K_c , кВт									
	к. алғ. 15 дейін	20	30	40	50	60	70	80	90	100 және одан асатын
Толық электрлі жылытылмайтын үй (коттедж)	0,75	0,65	0,63	0,59	0,55	0,53	0,50	0,47	0,46	0,45
Тұрақты қосылатын толық электрлі жылытумен үй (коттедж)	-	-	-	0,75	0,70	0,65	0,63	0,62	0,62	0,61

6.6 Кірмедегі бірдей меншікті жүктемелермен $P_{кт}$ жеке тұрғын үйлердің (коттеждердің) электрқабылдағыштарынан трансформаторлық қосалқы станцияларының 0,4 кВ шиналарында және қорек желілерінің есептік жүктемесін кВт, келесі формула бойынша алдын ала анықтауға жол беріледі:

$$P_{кт} = P_{уд.кт} \cdot N \cdot K_o, \quad (7)$$

мұнда $P_{уд.кт}$ – бір жеке тұрғын үйдің (коттедждің) кірмесіндегі меншікті жүктеме, кВт/үй;

N – желінің осы буынына қосылған жеке тұрғын үйлердің (коттеждердің) саны;

K_o – үйлердің (коттеждердің) санына және олардың сипаттамаларына байланысты 5-кесте бойынша анықталатын бізмезгілдік коэффициенті.

6.7 Жоба алдындағы кезендерде жайлылығы аса жоғары жеке тұрғын үйлердің (коттеждердің) есептік меншікті жүктемелерін электрқабылдағыштардың мәлімделген (белгіленген) қуаттылығына және олардың сипаттамаларына байланысты Б қосымшасына сәйкес анықтауға, ал жұмыстық құжаттаманың кезеңінде оларды 6.2 және 6.3 сәйкес нақтылауға жол беріледі.

6.8 Тұрғын үйлердің (коттеждердің) жиынтықты электр жүктемесінен басқа, трансформаторлық қосалқы станцияның 0,4 кВ шиналарының немесе желілердің есептік электрлі жүктемесін анықтау кезінде ҚР ҚБҚ 4.04-191 сәйкес анықталатын 0,4 кВ қоректендіруші желілерінде қуаттылықтың жоғалуы ескепірілуі тиіс.

6.9 6.2-т. сәйкес жайлылығы аса жоғары жеке тұрғын үйдің (коттедждің) электрлі жүктемесін есептеу кезінде есептік коэффициенттерді 6 және 7 кестелер бойынша қабылдау керек.

5-кесте – Жеке тұрғын үйлердің (коттедждердің) санына және олардың сипаттамаларына байланысты бір мезгілділік коэффициентінің мәні K_o

Жеке тұрғын үйдің (коттедждің) сипаттамасы	Жеке тұрғын үйлердің (коттедждердің) санында, дана, бірмезгілдік K_o коэффициентінің мәні												
	1	3	6	9	12	15	18	24	40	60	100	200	400
Табиғи газдағы плитамен	1,00	0,65	0,51	0,38	0,32	0,28	0,26	0,22	0,18	0,16	0,14	0,12	0,11
Қоса алғанда 10,5 кВт дейінгі қуаттылықтағы электрплитамен	1,00	0,81	0,50	0,38	0,32	0,29	0,27	0,24	0,20	0,18	0,16	0,14	0,13
Толық электрлі жылытумен қоса алғанда 10,5 кВт дейінгі қуаттылықтағы электрплитамен:													
- ауданы 150 м ²	1,00	0,87	0,65	0,56	0,52	0,50	0,49	0,47	0,44	0,42	0,41	0,40	0,39
- ауданы 300 м ²	1,00	0,90	0,73	0,66	0,63	0,62	0,60	0,59	0,57	0,55	0,54	0,54	0,52
- ауданы 600 м ²	1,00	0,91	0,81	0,77	0,75	0,74	0,73	0,72	0,70	0,69	0,68	0,68	0,67
<p>Ескертпе - Барлық жеке тұрғын үйлер (коттедждер) үшін бірмезгілдік коэффициенттері ағынды электрлі су жылытқыш аспаптарды ескерумен ұсынылған. Электрлі жылытумен коттедждер үшін K_o мәндері жылыту маусымында электрлі жылыту аспаптарын тұрақты қосу режимі үшін келтірілген және жүйенің минималды жүктемелері кезеңінде жұмыс істейтін электрлі жылу аккумуляциялық жүйелер үшін жарамайды.</p>													

6-кесте – Жекелеген электрқабылдағыштар қуаттылықтарының және есептік коэффициенттердің шамалары

Электрқабылдағыштардың атауы	Номиналды немесе орнатылған қуаттылық P_y	Есептік коэффициенттер	
		сұраныс K_c	пайдалану K_u
Қонақ бөлмелерін жарықтандыру	35 Вт/м ² -ден 40 Вт/м ² дейін	0,8	0,8
Тұрғылықты бөлмелерді және жатын бөлмелерді жарықтандыру	25 Вт/м ² -ден 30 Вт/м ² дейін	0,6	0,6
Кабинеттерді, кітапханаларды, ойын бөлмелерін және т.с.с. жарықтандыру	30 Вт/м ² -ден 35 Вт/м ² дейін	0,6	0,8
Асүйлерді жарықтандыру	25 Вт/м ² -ден 30 Вт/м ² дейін	1,0	0,8
Холлдарды, коридорларды және т.с.с. жарықтандыру	20 Вт/м ² -ден 25 Вт/м ² дейін	0,8	-
Розеткалы желі (телерадиоаппаратура, тоңазытқыштар, шаңсорғыштар, үтіктер, торшерлер, үстелге қоятын шамдар және т.б.)	100 Вт/розетка	-	0,7-ден 1,0 ¹⁾ дейін
Электрплита	10,5 кВт/плита	0,8	1,0
Кір жуғыш машина	2,2 кВт/машина	1,0	0,6
Ыдыс жуатын машина	2,2 кВт/машина	0,8	0,8
Электрлі сауна	4 кВт-тан 12 кВт дейін	0,8	0,8
Қыздыратын джакузи	2,5 кВт	0,8	0,8
Қыздыратын себезгі кабина	3 кВт	0,6	0,8
Аккумуляциялық электрлі су жылытқыштар	1,5 кВт-тан 2,0 кВт дейін	0,6	0,8
Ағынды электрлі су жылытқыштар	5 кВт-тан 18 кВт дейін	0,4	1,0
Тұрмыстық кондиционерлер	1,5 кВт-тан 4,0 кВт дейін	0,7	0,8
Электрлі каминдер	1 кВт-тан 2 кВт дейін	0,4	1,0
Асүйлік комбайндар, кофе қайнатқыштар, электр шәйнектер және т.с.с.	(жиынтықты) 4 кВт-тан 5 кВт дейін	0,3	1,0
Тұрғын бөлмедегі, асүйдегі, ауыз үйдегі жылы еден	60 Вт/м ²	0,5	1,0

6-кесте – Жекелеген электрқабылдағыштар қуаттылықтарының және есептік коэффициенттердің шамалары (жалғасы)

Электрқабылдағыштардың атауы	Номиналды немесе орнатылған қуаттылық P_y	Есептік коэффициенттер	
		сұраныс K_c	пайдалану K_u
Ваннадағы, саунадағы, балалар бөлмесіндегі жылы еден	80 Вт/м ²	0,3	1,0
Электрлі жылытқыш қазандықтар	4 кВт-тан 24 кВт дейін	0,8	0,9
Электрлі жылыту аспаптары	70 Вт/м ² -ден 100 Вт/м ² дейін	0,8	1,0
Жылу желдеткіштер	1,5 кВт-тан 2,0 кВт дейін	0,9	0,9
Электркалориферлер	3 кВт-тан 6 кВт дейін	0,4	0,9
Көгалшапқыштар	1,5 кВт-тан 1,8 кВт дейін	0,4	0,8
Батырылатын сорғылар	0,7 кВт-тан 1,5 кВт дейін	0,8	0,9
Персоналды компьютерлер	0,4 кВт-тан 0,5 кВт дейін	0,6	1,0
<p>¹⁾ Розеткалар саны 6 м²-ге 1 розетка есебінен қабылданады. K_u келесіге тең қабылданады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - 10 дейінгі розеткалар санында 1,0; - 10-нан 20 дейінгі розеткалар санында 0,9; - 20-дан 50 дейінгі розеткалар санында 0,8; - 50-ден асатын розеткалар санында 0,7. 			

7-кесте – Тұтынушылардың типтері бойынша қуаттылық коэффициенттерінің шамалары

Тұтынушылардың типтері	Қуаттылық коэффициенті $\cos \varphi$	Реактивті қуаттылық коэффициенті $\tan \varphi$
Қыздыру шамдары	1,00	0,000
Люминесценттік шамдар	0,92	0,426
Тоңазытқыштар	0,65	1,168
4 кВт дейінгі қозғалтқыштың қуаттылығындағы сорғылар, желдеткіштер, кондиционерлер	0,75	0,882
4 кВт асатын қозғалтқыштың қуаттылығындағы сорғылар, желдеткіштер, кондиционерлер	0,85	0,620
Телерадиоаппаратура	0,65	1,168
Су жылытқыштар, электрлі жылыту аспаптары	1,00	0,000
Электрлі сауналар	1,00	0,000
Джакузи	0,80	0,750
Персоналды компьютерлер (қорек блоктарымен)	0,65	1,168

6.10 Электрқабылдағыштардың әрбір тобының есептік белсенді қуаттылығын P_p , кВт, келесі формула бойынша анықтайды:

$$P_p = \sum P_y \cdot K_c \cdot K_u, \quad (8)$$

мұнда $\sum P_y$ - топтың электрқабылдағыштарының номиналды немесе белгіленген қуаттылықтарының қосындысы, кВт;

K_c және K_u – б-кесте бойынша қабылданатын сұраныс және пайдалану коэффициенттері.

Электрқабылдағыштардың әрбір тобының толық қуаттылығын S , кВт, келесі формула бойынша анықтайды:

$$S = \frac{P_p}{\cos \varphi}, \quad (9)$$

мұнда $\cos \varphi$ – 7-кесте бойынша анықталатын топтың электрқабылдағыштарының қуаттылық коэффициенті.

6.11 Жеке тұрғын үйдің (коттедждің) жылытушы электрқондырғысының есептік электрлі жүктемелері (электрлі қуаттылығы) тұрғын үй-жайларда берілген климаттық шарттар үшін құрылыс нормаларымен қарастырылған жол берілетін нормалар шегіндегі ауаның есептік температурасын қамтамасыз етуі тиіс.

7 ӘРТҮРЛІ МЕНШІКТІ ЕСЕПТІК ЖҮКТЕМЕЛЕРМЕН ПӘТЕРЛЕР (ҮЙЛЕР) ТОБЫНАН ЭЛЕКТРЛІК ЖҮКТЕМЕЛЕРДІ АНЫҚТАУ

7.1 Қорек желісіне, тұрғын үйдің кірмесіне, 10/0,4 кВ трансформаторлық қосалқы станцияның 0,4 кВ шиналарына келтірілген әртүрлі меншікті есептік жүктемелермен P_p , кВт, пәтерлер (үйлер) тобынан есептік электрлік жүктемені, қосылған пәтерлердің (үйлердің) жалпы саны 29 және одан аз болуында, келесі формула бойынша анықтау керек:

$$P_p = (P_{y\vartheta_1} - P_{y\vartheta_i}) \cdot N_1 \cdot K_{o1} + (P_{y\vartheta_2} - P_{y\vartheta_i}) \cdot N_2 \cdot K_{o(1+2)} + \dots + (P_{y\vartheta_{(i-1)}} - P_{y\vartheta_i}) \cdot N_{(i-1)} \cdot K_{o(1+2+\dots+(i-1))} + P_{y\vartheta_i} \cdot (N_1 + N_2 + \dots + N_i) \cdot K_{o(1+2+\dots+i)}. \quad (10)$$

Қорек желісіне, тұрғын үйдің кірмесіне, 10/0,4 кВ трансформаторлық қосалқы станцияның 0,4 кВ шиналарына келтірілген әртүрлі меншікті есептік жүктемелермен P_p , кВт, пәтерлер (үйлер) тобынан есептік жүктемені, қосылған пәтерлердің (үйлердің) жалпы саны 30 және одан аз болуында, келесі жеңілдетілген формула бойынша анықтау керек:

$$P_p = (P_{y\vartheta_1} \cdot N_1 + P_{y\vartheta_2} \cdot N_2 + \dots + P_{y\vartheta_i} \cdot N_i) \cdot K_{o(1+2+\dots+i)}. \quad (11)$$

Екі және үш түрлі пәтерлерден, жеке тұрғын үйлерден (коттедждерден) тұратын топтар үшін әлдеқайда кеңінен тараған есептеулер үшін формула (10) N параметрлерге қатысты келесі түрге қайта топтаумен түрленеді:

- екі түрі үшін:

$$P_p = N_1 \cdot [(P_{y\vartheta_1} - P_{y\vartheta_2}) \cdot K_{o1} + P_{y\vartheta_2} \cdot K_{o(1+2)}] + N_2 \cdot P_{y\vartheta_2} \cdot K_{o(1+2)}; \quad (12)$$

- үш түрі үшін:

$$P_p = N_1 \cdot [(P_{y\vartheta_1} - P_{y\vartheta_3}) \cdot K_{o1} + P_{y\vartheta_3} \cdot K_{o(1+2+3)}] + N_2 \cdot [(P_{y\vartheta_2} - P_{y\vartheta_3}) \cdot K_{o(1+2)} + P_{y\vartheta_3} \cdot K_{o(1+2+3)}] + N_3 \cdot P_{y\vartheta_3} \cdot K_{o(1+2+3)}. \quad (13)$$

(10) – (13) формулаларында келесі белгілер қабылданды:

- $P_{y\vartheta_1}, P_{y\vartheta_2}, \dots, P_{y\vartheta_i}$ - 1, 2, ..., i (үлкен мәнге 1 нөмірі, аз мәнге – соңғы нөмір меншіктеледі), кВт, түріндегі пәтерлердің, жеке тұрғын үйлердің (коттедждердің) кірмесіндегі меншікті жүктемелер;

- N_1, N_2, \dots, N_i – тиісті түрдегі пәтерлердің, жеке тұрғын үйлердің (коттедждердің) саны;

- $K_{o1}, K_{o2}, \dots, K_{oi}$ – әрбір сәйкес түрдегі пәтерлердің, жеке тұрғын үйлердің (коттедждердің) саны үшін анықталған біртектілік коэффициенті;

- $K_{o(1+2+\dots+i)}$ – тиісті түрдегі баспаналардың жиынтық мөлшері үшін біртектілік коэффициенті.

(10) – (13) формулалары бойынша есептеулер үшін біртектілік коэффициенттерінің мәнін K_o 8-кесте бойынша қабылдау керек.

8-кесте – Пәтерлердің, үйлердің (коттедждердің) санына байланысты әртүрлі меншікті жүктемелермен пәтерлерден, жеке тұрғын үйлерден (коттедждерден) есептік жүктемелерді анықтау кезіндегі бір мезгілдік коэффициентінің K_o мәні

Пәтерлердің, үйлердің (коттедждердің) саны	1	3	6	9	12	15	18	24	40	60	10 0	200	400
Бір мезгілдік коэффициентінің K_o мәні	1,00	0,8 0	0,5 0	0,3 8	0,3 2	0,2 8	0,2 7	0,2 3	0,1 9	0,1 7	0,1 5	0,1 3	0,1 2

А қосымшасы

(міндетті)

Қоғамдық мақсаттағы кірістірілген және қосымша салынған үй-жайлардың жүктеме максимумына қатысу коэффициенттері

А.1-кестесі – Қоғамдық мақсаттағы кірістірілген және қосымша салынған үй-жайлардың жүктеме максимумына қатысу коэффициенттері

Үлкен есептік электрлі жүктемемен құрылыс (үй-жай)	Жүктеме максимумына қатысу коэффициенттері														
	Электрлі плиталармен тұрғын ғимараттар	Табиғи газдағы плиталармен тұрғын ғимараттар	Асханалар	Мейрамханалар, кафе	Кітапханалар	Әкімшілік басқару, қаржылық, жобалық-конструкторлық мекемелері	Бір ауысымдық сауда кәсіпорындары	Бір жарым және екі ауысымдық сауда кәсіпорындары	Қонақүйлер	Шаштараздар	Мектепке дейінгі оқу мекемелері	Поликлиникалар	Тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары, ателье және т.б.	Коммуналдық қызмет көрсету кәсіпорындары	Мәдени, мәдени-ойын-сауық және демалу мекемелері
Электрлі плиталармен тұрғын ғимараттар	-	0,9	0,6	0,7	0,4	0,6	0,6	0,8	0,7	0,8	0,4	0,7	0,6	0,7	0,9
Табиғи газдағы тұрғын ғимараттар	0,9	-	0,6	0,7	0,3	0,4	0,5	0,8	0,7	0,7	0,4	0,6	0,5	0,5	0,9
Қоғамдық тамақтану кәсіпорындары (асханалар, мейрамханалар, кафелер)	0,4	0,4	0,8	0,8	0,8	0,8	0,8	0,7	0,8	0,8	0,8	0,8	0,8	0,8	0,5
Кітапханалар	0,5	0,4	0,8	0,6	0,7	0,8	0,8	0,8	0,7	0,8	0,8	0,8	0,7	0,8	0,8

А.1-кестесі – Қоғамдық мақсаттағы кірістірілген және қосымша салынған үй-жайлардың жүктеме максимумына қатысу коэффициенттері (жалғасы)

Үлкен есептік электрлі жүктемемен құрылыс (үй-жай)	Жүктеме максимумына қатысу коэффициенттері														
	Электрлі плиталармен тұрғын ғимараттар	Табиғи газдағы плиталармен тұрғын ғимараттар	Асханалар	Мейрамханалар, кафе	Кітапханалар	Әкімшілік басқару, қаржылық, жобалық-конструкторлық мекемелері	Бір ауысымдық сауда кәсіпорындары	Бір жарым және екі ауысымдық сауда кәсіпорындары	Қонақүйлер	Шаштараздар	Мектепке дейінгі оқу мекемелері	Поликлиникалар	Тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары, ателье және т.б.	Коммуналдық қызмет көрсету кәсіпорындары	Мәдени, мәдени-ойын-сауық және демалу мекемелері
Бір, біржарым және екі ауысымдық сауда кәсіпорындары	0,5	0,4	0,8	0,6	0,7	0,8	0,8	0,8	0,7	0,8	0,8	0,8	0,7	0,8	0,8
Басқарма мекемелері, кәсіпорындардың және жобалық-конструкторлық ұйымдардың қаржылық, әкімшілік ғимараттары	0,5	0,4	0,8	0,8	0,8	0,8	0,8	0,8	0,7	0,8	0,8	0,8	0,7	0,8	0,5
Қонақүйлер	0,8	0,8	0,6	0,8	0,3	0,6	0,6	0,8	0,8	0,8	0,4	0,7	0,5	0,7	0,9
Емханалар	0,5	0,4	0,8	0,6	0,8	0,8	0,8	0,7	0,7	0,8	0,8	0,8	0,7	0,8	0,8
Ателье және тұрмыстық қызмет көрсету комбинаттары	0,5	0,4	0,8	0,6	0,8	0,8	0,8	0,7	0,7	0,8	0,8	0,8	0,7	0,8	0,8
Мәдениет, ойын-сауық мекемелері, кинотеатрлар	0,9	0,9	0,4	0,6	0,2	0,2	0,8	0,7	0,7	0,8	0,2	0,4	0,4	0,5	-

Б қосымшасы
(ақпараттық)

Жоғары ыңғайлылықтағы жеке тұрғын үйлердің (коттедждердің) шамалас меншікті электрлі жүктемелері

Б.1-кестесі – Жоғары ыңғайлылықтағы жеке тұрғын үйлердің (коттедждердің) шамалас меншікті электрлі жүктемелері

Электрлендіру деңгейі бойынша тұрғын үйдің (коттедждің) түрі	Электрқабылдағыштардың меншікті электрлі жүктемесі, кВт/үй (коттедж), үй (коттедж) саны											
	1	3	6	9	12	15	18	24	40	60	100	200
Электрлі саунасы жоқ газ плиталы тұрғын үй (коттедж) (мәлімделген қуаттылық 20 кВт)	12,00	8,44	7,06	5,81	4,96	4,34	3,92	3,35	2,66	2,38	2,16	1,96
Газ плиталы және электрлі саунасы бар тұрғын үй (коттедж) (мәлімделген қуаттылық 32 кВт)	18,00	13,59	9,78	7,80	6,63	5,86	5,33	4,64	3,79	3,39	3,06	2,74
Электрлі сауналары және ағынды су жылытқыштары жоқ қуаттылығы қоса алғанда 10,5 кВт дейін болатын электр плиталы тұрғын үй (коттедж) (қуаттылығы 32 кВт)	20,00	16,13	9,96	7,65	6,48	5,78	5,31	4,78	3,99	3,58	3,20	2,83
Ағынды су жылытқыштары жоқ, қуаттылығы қоса алғанда 12 кВт дейін болатын электр плиталы тұрғын үй (коттедж) (мәлімделген қуаттылық 45 кВт)	25,00	20,17	12,45	9,56	8,10	7,22	6,64	5,90	4,98	4,48	4,01	3,54

Б.1-кестесі - Жоғары ыңғайлылықтағы жеке тұрғын үйлердің (коттеждердің) шамалас меншікті электрлі жүктемелері
(жалғасы)

Электрлендіру деңгейі бойынша тұрғын үйдің (коттеждің) түрі	Электрқабылдағыштардың меншікті электрлі жүктемесі, кВт/үй (коттедж), үй (коттедж) саны											
	1	3	6	9	12	15	18	24	40	60	100	200
Қоса алғанда 10,5 кВт дейінгі қуаттылықтағы электрплитамен қоса алғанда 12 кВт дейінгі қуаттылықтағы электрлі саунамен, 12 кВт дейінгі қуаттылықтағы ағынды су жылытқыштармен тұрғын үй (коттедж) (мәлімделген қуаттылығы 60 кВт)	32,00	25,81	15,94	12,16	10,37	9,25	8,50	7,55	6,38	5,73	5,13	4,53
Қоса алғанда 10,5 кВт дейінгі қуаттылықтағы электрплитамен, қоса алғанда 12 кВт дейінгі қуаттылықтағы электрлі саунамен, 12 кВт дейінгі қуаттылықтағы ағынды су жылытқыштармен, толық электрлі жылытумен тұрғын үй (коттедж):												
- ауданы 150 м ² (мәлімделген қуаттылығы 73 кВт)	45,50	39,59	29,58	25,48	23,66	22,76	22,30	21,39	20,02	19,11	18,66	18,20
- ауданы 300 м ² (мәлімделген қуаттылығы 95 кВт)	59,00	53,10	43,07	38,94	37,17	36,58	35,40	34,81	33,63	32,45	31,86	31,27
- ауданы 600 м ² (мәлімделген қуаттылығы 95 кВт)	86,00	79,98	69,66	66,22	64,50	63,24	62,78	61,92	60,20	59,34	58,48	58,05

Б.1-кестесі - Жоғары ыңғайлылықтағы жеке тұрғын үйлердің (коттедждердің) шамалас меншікті электрлі жүктемелері
(жалғасы)

Электрлендіру деңгейі бойынша тұрғын үйдің (коттедждің) түрі	Электрқабылдағыштардың меншікті электрлі жүктемесі, кВт/үй (коттедж), үй (коттедж) саны											
	1	3	6	9	12	15	18	24	40	60	100	200
<p>Ескертпе - 1 Электрлі жылыту қуаттылығы жалпы ауданы келесі берілген тұрғын үй (коттедж) үшін қабылданған:</p> <ul style="list-style-type: none"> - 150 м² – 13,5 кВт; - 300 м² – 27,0 кВт; - 600 м² – 54,0 кВт. <p>Ескертпе - 2 Толық электрлі жылытумен тұрғын үй (коттедж) үшін есептік меншікті электрлі жүктемелер электр жылыту аспаптарын тұрақты қосу режимі үшін ұсынылған. Тұрғын үйдің (коттедждің) жалпы ауданының аралық шамалары үшін меншікті есептік жүктемелерін интерполяциямен анықтауға жол беріледі.</p>												

БЕЛГІ ҮШІН

ӘОЖ 621.316.11+621.316.172

МСЖ 91.140.50
29.240.20

Түйінді сөздер: жеке тұрғын үй, пәтер, пайдалану коэффициенті, сұрау коэффициенті, жоғары ыңғайлылықтағы, есептік электрлі жүктеме, меншікті электрлі жүктеме

СОДЕРЖАНИЕ

ВВЕДЕНИЕ.....	IV
1 ОБЛАСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ.....	1
2 НОРМАТИВНЫЕ ССЫЛКИ.....	2
3 ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ.....	2
4 ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ	2
5 ОПРЕДЕЛЕНИЕ ЭЛЕКТРИЧЕСКИХ НАГРУЗОК МНОГОКВАРТИРНЫХ ЖИЛЫХ ЗДАНИЙ ПОВЫШЕННОЙ КОМФОРТНОСТИ.....	3
6 ОПРЕДЕЛЕНИЕ ЭЛЕКТРИЧЕСКИХ НАГРУЗОК ИНДИВИДУАЛЬНЫХ ЖИЛЫХ ДОМОВ (КОТТЕДЖЕЙ) ПОВЫШЕННОЙ КОМФОРТНОСТИ	9
7 ОПРЕДЕЛЕНИЕ ЭЛЕКТРИЧЕСКОЙ НАГРУЗКИ ОТ ГРУППЫ КВАРТИР (ДОМОВ) С РАЗНЫМИ УДЕЛЬНЫМИ РАСЧЕТНЫМИ НАГРУЗКАМИ.....	14
Приложение А (обязательное) Коэффициенты участия в максимуме нагрузки встроенных и пристроенных помещений общественного назначения	16
Приложение Б (информационное) Ориентировочные удельные электрические нагрузки индивидуальных жилых домов (коттеджей) повышенной комфортности.....	18

ВВЕДЕНИЕ

